

*Абжаппарова Б.Ж.*  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
т.ғ.д., шығыстану кафедрасының  
профессоры

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ**

Мақалада Ислам Конференциясы Ұйымының құрылу тарихы, ИКҰ ның мұсылман елдері елбасшыларының әлеуметтік, экономикалық, саяси саладағы ислам ынтымақтастығын қамтамасыз етудегі рөлі, жаңа отаршылдыққа және нәсілшілдікке қарсы күресі, Қазақстанның ИКҰ төрағалық етуі қарастырылады.

*Кілтті сөздер:* Ислам Конференциясы Ұйымы, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, дипломатиялық қатынас, халықаралық қауіпсіздік, әлеуметтік дағдарыс.

Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымы Сыртқы Істер Министрлерінің Саммитінде төрағалық етуі ИКҰ қызметінің саяси, экономикалық, және мәдени аспектілерін шешу барысында ислам қауымдастығының өзекті мәселелерін тиімді түрде шешуге, халықаралық қауіпсіздікті, экономикалық байланысты нығайтуға өркениеттердің тоғысуына өзінің ықпалын тигізеді. Қазақстан басшылығының осындай ұйымға басшылық етуі ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық дипломатиядағы көрегендігін көрсетеді. 1969 жылдың 25 қыркүйегінде негізі қаланған Ислам Конференциясы Ұйымы мұсылман елдері елбасшыларының әлеуметтік, экономикалық, саяси саладағы ислам ынтымақтастығын қамтамасыз ету, отаршылдыққа, жаңа отаршылдыққа және нәсілшілдікке қарсы және Палестинаны азат ету Ұйымын қолдауға қатысушы елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Бақылаушы статусын Босния, Герцеговина, Орталық-Африка Республикасы, Ресей Федерациясы, Филиппин Мороны Ұлттық-азат ету майданы және (БҰҰ, т.б. ұйымдар) иеленген, ұйымның штаб-пәтері Джиддада (Сауд Арабиясында) орналасқан. Ислам Конференциясы Ұйымы ресми, ең ірі ықпалды үкіметтік мұсылман халықаралық ұйымы болып саналады. Қазіргі кезеңде ол 1,2 млрд. адам мен 57 елді біріктіріп отыр [1]. Алғашында оның құрамына Азия мен Африканың 25 мемлекеті мен Палестинаны азат ету Ұйымы кірді. ИКҰ-ның басшылық органына: корольдердің, мемлекет пен үкімет басшыларының кездесулері (саммит), сыртқы істер министрлерінің конференциялары, бас секретариат пен қосалқы органдар жатады.

Тарихи оқиғалар тізбегі мен сабақтастығына сүйеніп кері шегінсек, ИКҰ-ның құрылуы 1967 жылғы араб әлеміндегі саяси, әлеуметтік, әскери және рухани дағдарыспен байланысты. Араб елдерінің Египет, Сирия, Иордания, Ирак, Алжирдің аталған жылы Израильмен арада болған соғыста жеңіліс табуы,

соның нәтижесінде Синай, Голанд биіктігі, Иорданның батыс бөлігінен айырылып, оны Израильдың окупациялауы араб мемлекеттерінің жақындасуын тездетіп, олардың бірігу идеясын алдыңғы орынға шығарды. Бірақ, бұл кезде Израильмен арадағы саяси шиеленіс, мүдде қайшылығы туғанымен, ол діни сипат алған жоқ. Ислам дініндегі мемлекеттердің арасындағы саяси-экономикалық, рухани байланыста дін - басты, ықпалды фактор емес еді. Мұсылман дінін ұстанған «зайырлы Түркия да, шахтық Иран да, Кеңестік Орталық Азия мемлекеттері де арабтардың саяси одақтасы емес болатын» [2].

Осы кезеңде Израильдың барлық мұсылмандар үшін қасиетті Иерусалимнің шығыс бөлігін жаулап алуы, Израиль мен араб елдері арасындағы жағдайды одан сайын ушықтырды. Израильдың бұл әрекетін араб әлемі ғана емес, тұтастай мұсылман дүниесін басыну, қорлау, ислам құндылықтарын құрметтемеу деп қабылданды.

1969 жылы еврей экстремистері Мароккадағы Рабатта Әл-Ақса мешітін өртегеннен кейін, Марокко королі Хасен II мен Сауд Арабиясы королі Фесал бен Әбделазиз бастамасымен өткізілген ислам мемлекеттері мен өкімет басшыларының кездесуінде Ислам Конференциясы Ұйымын құру жөнінде шешім қабылданды. ИКҰ құрушылар қатарында Ауғаныстан, Алжир, Гвинея, Египет, Индонезия, Иран, Иордания, Йемен, Кувейт, Ливан, Ливия, Малайзия, Мали, Мавритания, Марокко, Нигер, Пакистан, Сауд Арабиясы Сенегал, Сомали, Судан, Тунис, Түркия, Чад және Палестина болды.

Ал, келесі жылы Джиддада сыртқы істер министрлерінің бірінші ислам конференциясы өтіп, онда ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Бас хатшылық және оның басшысы сайланды. Джидда Иерусалим толық азат болғанға дейін ИКҰ-орталығы болып жарияланды.

Ислам Конференциясы Ұйымы халықаралық қатынастарда ауқымды мәселелерді қамтиды. Саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени және ғылыми-техникалық өзара байланыс пен өзара әрекеттесу, мүше-мемлекеттердің тұрақты дамуына жағдай жасау ұйымның маңызды мақсаты болып саналады.

1972 жылы сыртқы істер министрлерінің Үшінші конференциясында Ислам Конференциясы Ұйымы Жарғысы қабылданып нақты мақсаттар белгіленді. Олар:

- ұйымға мүше мемлекеттер арасында ислам бірлігін нығайту;
- қатысушы мемлекеттер арасында экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми және басқа да маңызды салаларда ынтымақтастық орнату мен нығайту;
- халықаралық қатынастарда маңызды мәселелерде өзара кеңесу;
- отаршылдықты қандай түрін болса да жою мен нәсілдік кемсітушілікке жол бермеу;
- халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін әділдікке негізделген қажетті шараларды қабылдау;

- қасиетті жерді сақтауға байланысты бағытталған күштерді үйлестіру және Палестина халқының күресін қолдау, оларға өз жерін азат мен өз құқын қайтарып алуы үшін көмек көрсету;

- барлық мұсылман халқының өз тәуелсіздігі, ұлттық құқығы мен абыройын сақтау мақсатындағы күресін қолдау;

- мүше-мемлекеттердің бірбірімен және басқа мемлекеттермен ынтымақтасуы мен өзара түсінісуін нығайту мақсатында тиімді ахуал қалыптастыру;

Осы аталғандар ИКҰ қатысушы мемлекеттері қызметінде басты қағида болуымен, мемлекетаралық қатынаста, аймақаралық саясатта басты ұстанымға айналды. Сонымен қатар, Израиль басып алған Иерусалимді азат ету ИКҰ мүше мемлекеттерін біріктіруші, оларды өзара байланыстырушы символ болғанымен біртіндеп халықаралық жағдай өзгерді. «Алты күндік» соғысқа қатысушы араб мемлекеттері Израильмен дипломатиялық қатынас орнатты. Қазіргі уақытта ИКҰ қатысушы-мемлекеттердің бірқатары Израильмен экономикалық қана емес, әскери байланыс та орнатты. Бірақ, бұл мемлекеттерді ИКҰ құрамынан, кезінде Египетті шығарғандай, шығару мәселесі күн тәртібіне қойылған жоқ. Сондықтан бұл мәселеге байланысты, зерттеушілер мен саясаттанушылар арасында төмендегідей қайшылықты пікірлер қалыптасты.

1. Араб елдері уақыт өте келе Таяу Шығыстағы Израильдің басты серіктесі, әрі қолдаушысы Американы жақтаушылар және қарсылар болып жіктелді. Сондықтан, олар саяси жағдайды бағымдап Израильмен байланыс орнатуға мүдделі болды, американдық жаққа, баррикаданың келесі жағына шықты деп санайды [3].

2. Араб мемлекеттерінің бірқатары өзгермелі жағдайға сәйкес, негізгі позициясынан бас тартпаса да толерантты бағыт, бейбіт қатар өмір сүру жолын ұстанды.

3. Араб мемлекеттері геосаяси позициядан толық немесе ішінара бас тартып, геэкономикалық мүдені басты орынға қойды.

4. Ислам елдерінің бірқатары өз позициясынан бас тартпай, олардың ішінде, араб мемлекеттері де Батыс елдері мен Израильға қарсы күрестің қандай түрі болмасын қолдап, қаржыландыруда.

ИКҰ-на қатысушы мүше елдер ұйым Жарғысында ұйым мүшелері басшылыққа алатын басты принциптері де белгіленді. Ол қатысушы мемлекеттер арасындағы өз ара қарым қатынасты, аймақтық жағдайды реттеді.

- мүше-мемлекеттердің арасындағы толық теңдік;
- өзін өзі билеу билеу құқын құрметтеу, сонымен қатар мүше мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау;
- қандай да болмасын туған шиеленістерді бейбіт жолмен келіссөз, бітістіру, татуластыру арқылы реттеу;
- мүше мемлекеттердің қайсысының болмасын территориялық тұтастығына, ұлттық бірлігіне немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күш көрсету мен қауіп тудырудан және қолданудан бас тарту;

Әлемнің әр тарабындағы ИКҰ мүшелері халықаралық қатынаста, мемлекетаралық аймақтық саясатта ортақ позиция ұстана алмады, кей жағдайда олардың өз арасында қайшылықтар туып, соғысқа ұласты. Мысалы, Ирак пен Иран немесе Ирак пен Кувейт арасындағы жағдай ислам елдері ынтымақтастығына сына қақты. Мемлекетаралық қайшылық ИКҰ бірлігін әлсіретті, оларды бір біріне қарсы қойды. 1990 жылғы Ирактың Кувейтке басқыншылығын қолдаған Иордания мен Палестинаны Азат ету Ұйымының саммитке қатысуына қарсылық ретінде, 1991 жылы Сенегалда өткен ИКҰ саммитіне 12 мемлекет басшысы келмеді. Ислам әлеміндегі саяси қайшылық,

олардың өз ішінде алауыздықтың тууы ИКҰ мүше-мемлекеттері бірлігін әлсіретті, олардың саяси-экономикалық, мәдени байланысын әлсіретті.

2008 жылы ИКҰ-ның жаңа Жарғысы қабылданып, бірқатар өзгерістер енді. Ұйым мақсаты жиырмаға дейін көбейтіліп, оған адам құқын қорғау, өркениеттер мен дін аралық диалогты және тұрақты дамуды қолдау т.б. енді. Ал, принциптер қатары қоршаған ортаны қорғау, адам құқы мен бостандығын қолдау секілді пункттермен толықты.

ИКҰ-ның функциональдық қызметі барысында екі басты шара оның даму үрдісін айқындайды. ИКҰ-ның Жарғысына сәйкес саммит үш жылда бір өткізіледі. Сыртқы істер министрлері Кеңесі жыл сайын өткізіліп, онда өзекті ағымдық мәселелер қаралады.

Королдердің, мемлекет пен үкімет басшыларының кездесулері (саммит) мұсылман мемлекеттерінің жалпы саясатын анықтайды. Мұндай кездесулер үш жылда бір рет өткізіліп отырады. Сыртқы істер министрліктерінің конференциялары жыл сайын өткізіледі. Өте қажетті жағдайларда кезектен тыс конференциялар шақырылады. Бас секретариат ИКҰ-ның атқарушы органы болып есептеледі. Бас секретариаттың Бас хатшысы Сыртқы істер министрлерінің конференцияларында төрт жыл мерзімге сайланады. Бас хатшылық құзырлығы бір рет қана ұзартылады. Бас хатшының төрт орынбасары бар: саяси, ғылым мен технология, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және ақпараттық мәселелер бойынша. Орынбасарлардың сыртында секретариаттың таза техникалық қызметін ұйымдастыратын директорлар кабинеті жұмыс жасайды.

Бас хатшылықтың құрамында бірнеше бөлімдер бар: әлеуметтік-экономикалық, ғылым мен техника, Азия істері, Африка істері, халықаралық мәселелер, ақпарат, адам құқықтары мен діни аз топтар ісі, үкіметтік емес мұсылман істері жөніндегі т.б. Қазіргі кезеңде ИКҰ модернизациялану кезеңін басынан кешіріп отыр. Қазақстанның 2011 жылы ИКҰ қатысушы елдері сыртқы істер министрлер Кеңесі мүшелерінің 38 сессиясына басшылық етуіне байланысты тақырып өзекті болғандықтан, әртүрлі деңгейдегі бірнеше конференциялар, дөңгелек столдар, форумдар ұйымдастырылды. Мұндай шаралардың өзекті болуының себептері Қазақстандағы діндер, мемлекет пен қоғамның өзара ықпалдастығынан, сыртқы саяси ұсыныстарға сараптамалық талдаулар жасауына да байланысты туындап отыр.

Соңғы онжылдықта Батыстың дәстүрлі христиан елдерінде мұсылмандар санының артуына байланысты олардың құқықтарының бұзылуы жөніндегі фактілер кеңінен орын алып, ол әлеуметтік және саяси қайшылықтардың тууына әсер етіп отыр. Әсіресе сыртқы белгілері атап айтқанда хиджаб киюге қарсы, заңсыз репрессиялар ұйымдастырулар арқылы оларды экстремизммен айыптауда.

Бұл мәселе Қазақстанда орын алып отыр. Қазақстан Республикасы үшін қоғамдағы дін мен мемлекет, исламның рөлі өзекті болып саналады. Мемлекет зайырлы мемлекет болса да мемлекеттің діни өмірге араласпауын, әсіресе қоғамда мұсылмандар басымдық танытып отырғандықтан оны алдын-ала

болжай алмайды. Ислам қоғамның жан-жақты дамуы экономикада және әлеуметтік саяси өмірде, дәстүрді сақтауда позитивті рөл атқаруға тиісті.

Қазір саммитта төрағалық қызметті Сенегал атқарса, Сыртқы істер министрлері Кеңесі кезекті 38 сессиясы Астанада өтіп, Қазақстан осы құрылымда бір жыл төрағалық қызмет атқаруда.

ИКҰ-ның құрылымында саммит, сыртқы істер министрлер Кеңесімен қатар, тұрақты комитеттер, атқару комитеттері, халықаралық сот, тұрақты өкілдік комитеті, бас хатшылық, адам құқы жөніндегі тұрақты комитет және басқалар өз қызметін атқарады. Сонымен қатар, мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы мен қаржылық нығаюында ықпалды болып отырған субсидиалық органдар қызметі белгілі. Мысалы, Ислам даму Банкі. ЮНЕСКО-ға функционалдық қызметі өте ұқсас Ислам білім, ғылыми және мәдени ұйымы (ISESCO Рабат) мұсылман мемлекеттері арасындағы ғылым, білім және мәдени салада ынтымақтасуда кең танымал. Білім жүйесінде тәжірибе алмасу, студенттер, магистранттар мен докторанттардың ғылым кеңістігіндегі ынтымақтасуы мемлекетаралық қатынаста кең қолданылуда.

Сонымен қатар, Ислам мемлекеттерінің радио хабар тарату ұйымы (ISBO, Джидда), Халықаралық ислам жаңалықтары агенттігі (IINA, Джидда), Бүкіл әлемдік ислам ғылым Академиясы ИКҰ-ның арнайы органдары саналады. Оларға ИКҰ құрамындағы мемлекеттер мүшелікке жеке, өз қажеттіліктері мен талаптарына сай кіреді.

Қосымша орган болып саналатын Ислам елдерін әлеуметтік, экономикалық және статистикалық зерттеу орталығы (Анкара), Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу Орталығы (Стамбул), Ислам технология институты (Дакка), Ислам сауданы дамыту орталығы (Касабланка), Ислам құқық академиясы (Джидда), Ислам қоры ынтымақтастығының атқару бюросы (Джидда) және т.б. ИКҰ мемлекеттерінің мүшелікке кіруі міндетті саналды.

ИКҰ-ы әлемдегі мұсылмандар шоғырланған мемлекеттерді өз қатарына тартып мүшелікке қабылдады. Мысалы, халқының 20% ғана мұсылман болғандығына қарамастан Камерун де ұйымның толық мүшесі. ИКҰ-да мұсылман елдеріне көмек көрсетіп, материалдық-қаржылай донор міндетін атқарып отырған ауқатты араб елдері. ИКҰ-ның ықпалды мүшелері – Сауд Арабиясы, Түркия, Египет, Иран, Сирия, Пәкстан, Индонезия және т.б. Аталғандардың ішінде Сауд Арабиясы барлық қаржының 20% көтереді және ИКҰ-ның штаб-пәтері орналасқан.

2005 жылы Меккеде өткен саммитте мұсылман әлемі өзінің тұтастығына, бірлігіне, қауіпсіздігіне, тыныштығы мен қалыпты даму процесіне елеулі әсер етуі мүмкін саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени бәсекелестік жағдайында тұрғандығын атап өтті. Осындай қиын, саяси-идеологиялық қайшылықты ахуалды жеңу үшін ИКҰ мүше-елдердің өзара ынтымақтасуын тереңдетіп, шешімді қадамдар жасады. Осы 2005 жылы ИКҰ-ның 2015 жылға дейінгі даму бағдарламасы қабылданды.

ИКҰ-ның басты мақсаттарының бірі - әлемдегі мұсылман қауымын қорғау мен қолдау. Сондықтан, ИКҰ хатшылығы әлемнің әр түрлі елдердегі мұсылмандардың жағдайына байланысты мониторинг жүргізіп, олардың саяси,

әлеуметтік және экономикалық өмірдегі проблемалары, қиыншылықтары, кедергілеріне талдау жасады. Оларды шешудің жолдарын белгіледі. ИКҰ бірқатар қарарларында Қытайдағы, әсіресе Синьцзяндағы мұсылмандар құқықтарының бұзылуына, Үндістан, Таиланд, Эфиопия, Филиппин және басқа елдердегі мұсылман қауымының жағдайына алаңдаушылық білдірді. Сонымен қатар, ИКҰ басқа елдердің ішкі ісіне араласау принципі мен халықаралық норманы берік ұстанады.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін мұсылман әлемімен тығыз байланыс орнатты. 1994 жылы президент Н.Ә.Назарбаев Сауд Арабиясына ресми іс сапармен барғанда ИКҰ-ның Бас хатшысы Х.Аль-Габидпен кездесті. Бас хатшы Қазақстанды ИКҰ құрамынан көргісі келетіндігін айтып, мүшелікке өту Қазақстан үшін де, ИКҰ үшін де халықаралық қатынаста тиімді болар еді деген тілегін білдірді [4,325]. Бас хатшы біздің елдің мүшелікке өтуі мұсылман елдерімен ынтымақтасуда кең мүмкіндіктер тудырып және Ислам Даму Банкі, басқа да қаржылық және экономикалық Ұйымдар: Сауд Даму Қорына (СДҚ), Араб экономикалық дамуының Кувейт қорына (АЭДКҚ) және басқаларға жол ашатындығын атап өтті. Алғашында ИКҰ құрамына бақылаушы (Нью-Йорк, 1994 жыл қазан) ретінде енген Қазақстан, 1995 жылдың желтоқсанында мүше-елдердің сыртқы істер министрлері конференциясында Конакридегі (Гвинея) конференциясында толық мүшелікке қабылданды. ИКҰ-ның Жарғысына сәйкес Қазақстан Ислам Даму Банкісінің мүшесі болды. ИКҰ алдында тұрған мәселе өте көп, ең бастысы оған мүше Ислам елдерінің бірін-бірі тыңдауы, түсінуі болып отыр. Сондықтан бұл қиын мәселе болып отыр. Ол шешілмей ИКҰ-ның әлемге әсері болмайды. Сондықтан Қазақстан осы елдердің бірін-бірі тыңдауы, түсінуіне жұмыс істеуі қажет. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатында Ислам Конференциясы Ұйымы маңызды орын алады. Бүгінде жетекші мұсылман мемлекеттері Қазақ елінің төрағалығынан үлкен үміт күтеді және Қазақстанның даму жолы басқа ислам ұлыстарына үлгі болуы тиіс.

Ислам Конференциясы Ұйымының “Ислам Ынтымақтастық Ұйымы” деп атауын өзгертуінің өзі үлкен құбылыс. Мұның өзін Батысты ислам әлеміне бейімдеу деп қабылдауға болады. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ашық қаржылық экономикалық кеңістік құруға бағытталған ұсыныстарының да мұсылман әлеміне өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға, әлеуетін арттыруға қызмет ететіндігіне сенуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде Мемлекет басшысының сессиядағы сөйлеген сөзін өте сәтті объективті бағалау, алдын-ала жасалған сәтті талдау деп қабылдауымыз керек. Жұмсақ ислам концепциясын құруды ұсынған Нұрсұлтан Назарбаевтың көрсеткен бағыттарын Батыс бағалай білуі тиіс. Күллі мұсылман елдеріне ортақ мынадай кемшіліктер бар. Олар – демографиялық, миграциялық қысым және идеологиялық шектеу. Халық санының тым тез өсуі, жемқорлықпен күресте нәтижелілікке қол жеткізуге мүмкіндік бермей жатыр. Мұсылман әлеміне экономикалық модернизация керек. Қазіргі уақытта ИЫҰ-на төрағалық қызмет атқарғаннан кейін Қазақстан мұсылман әлемінде жинақталған көптеген прблемаларға жаңаша көзқараспен қарап, шешу жолын айқындауда. Әлемнің ірі саяси күштерімен ортақ

көзқарасты үйлестіру, күрделі мәселелердің оңтайлы шешімін іздеу, шиеленіскен түйінді байыпты талдау, әлемдегі оның ішіндегі ислам дүниесіндегі конфронтациялық, мүделері қарама қайшы топтар үшін ортақ жол іздеу Қазақстандық бағыт болатындығы айқын.

2011 жылдың басынан араб елдерін қамтыған саяси-әлеуметтік ахуал, билікке наразылық, бірқатар араб елдерінде ұзақ жылдар бойы билікте болған басшылардың кетуі мұсылман әлеміне дамудың жаңа жолын іздеуді қажет ететіні де ақиқат.

Сонымен қатар, өркениеттер арасындағы диалогқа ықпал ету және лаңкестікке жол бермеу, ислам әлеміне лаңкестіктің, экстремизмнің жат екендігін көрсету бағытын ұстануда [5, 493]. Бірнеше халықаралық ұйымдарға мүше Қазақстан әлемге есірткінің таралуына, Ауғаныстандағы жағдайға алаңдаушылық білдіруде. Осы мәселеге қатысты бүгінгі күнге дейін ИКҰ ауқымында Ауғаныстаннан келетін есірткіге қатысты нақты қарар қабылданбаса, енді Астана Ауғаныстанмен бірлесе отырып қарар дайындады.

Бірқатар аймақтық ұйымдармен ИЫҰ арасында өзара тығыз байланыс орнату мен оны одан әрі дамыту да Қазақстан төрағалығы қызметінің бір саласы болары айқын. Ислам мемлекеттерінің жаһандану жағдайындағы даму үрдісін айқындау, оған жаңаша серпін беру және әлемдік саясатта, экономика, ғылым мен білім беру саласында алдыңғы орынға ұмтылуына ықпал ету өткізілетін кеңестің, Қазақстан жолының, халықаралық саясаттағы бағыты.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лаумулин М. Геополитические аспекты председательства Казахстана в ОИК. «Эксперт Казахстан» №25 (316) 27 июня 2011г.
2. Кузьмин Н. Символ модернизации «Эксперт Казахстан» №25 (316) 27 июня 2011г.
3. От конфронтации к сотрудничеству. «Эксперт Казахстан» №25 (316) 27 июня 2011г.
4. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. Астана: «Елорда», 2001. -552 с.
5. Дипломатическая служба Республики Казахстан. Учебное пособие. /Под общей редакцией К.К.Токаева. – А.: «Дом Печати «Эдельвейс», 2004. – 544 с.

## Аннотация

В данной статье рассматриваются история образования Организации Исламской Конференции, роль ОИК в обеспечении исламского сообщества среди лидеров мусульманских государств в социальной, экономической, политической сфере, борьба против неокOLONиализма и расизма, председательство Казахстана в Организации Исламской конференции.

*Ключевые слова:* Организация Исламской Конференции, научно-техническое сотрудничество, дипломатические отношения, международная безопасность, социальный кризис.

**Abstract**

In this article is considered the history of formation Organization of Islamic Conference, role of OIC in ensuring of the Islamic community among the leaders of Muslim countries in the social, economic and political sphere, the struggle against neocolonialism and racism, presidency of Kazakhstan in the Organization of Islamic Conference.

*Keywords:* Organization of Islamic Conference, the scientific and technical cooperation, diplomatic relations, international security, social crisis.